

Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық  
қазақ-түрік университеті  
медицина факультеті

СӨЖ

Тақырыбы: Балалардың физикалық критерийлер анықтау

Қабылдаған:

Орындаған: Абдурасилов Б.

Тобы: СТК 341

Түркістан 2018 ж.

# Жоспар

- I. Кіріспе.

**II. Негізгі бөлім.**

*а) Балалардың физикалық дамуы, ерте жастағы көрсеткіштері*

*ә) Баланың салмақ қосуының физиологиялық динамикасы*

*б) Бағалау критерийлері*

- III. Қорытынды.

- Пайдаланған әдебиеттер.



## Баланың физикалық даму көрсеткіштерінің жас ерекшеліктеріне байланысты көрсеткіш

Балалардың бойының өсуі мен дамуын дұрыс бағалау үшін баланың жасына сәйкес бұл параметрлер физиологиясының ерекшеліктерін, сондай-ақ оларға ықпал ететін факторларды білу қажет.

### Балалардың дамуының негізгі көрсеткіштері:

- ◇ дене салмағы;
- ◇ бойы/ұзындығы;
- ◇ бас шеңбері;
- ◇ психомоторлық дамуы

**Дене салмағы**—баланың өсуі мен дамуының неғұрлым маңызды құрамдас бөлігі, баланың салмақ қосуының баяулап қалуы немесе тоқтап қалуы оның жеткіліксіз тамақтануының және өсуінде кемшілік бар екенінің бірінші белгісі болып табылады.

# Баланың салмақ қосуының физиологиялық динамикасы

- ◇ Дені сау, айы-күні жетіп туған нәрестенің салмағы 2,5 - 4,4 кг. аралығында болады. Туғаннан кейінгі алғашқы 3–4 күнде бала денесінің салмағы аздап азая бастайды, 5–6%-ға салмағын жоғалтады, мұны салмақтың физиологиялық кемуі деп атайды. Алғашқы аптадан кейін салмақ қосу тұрақты әрі үздіксіз жүреді.
- ◇ Алғашқы 6 ай ішінде дені сау сәби әр аптада 150 грамнан 250 грамға дейін салмақ қосады. Кейінгі 6 ай ішінде апта сайын денеге салмақ қосу – 100-150 грамды, 12-14 ай арасында – 50 грамды құрайды.
- ◇ Туғанына 5 ай толған соң, бала өзінің дене салмағын туған кезіндегі салмағына қарағанда екі есеге көбейтеді, ал 12 айға қарай – оны үш еселейді.

# Бойы (денесінің ұзындығы).

- Бала туғаннан бастап 2 жасқа дейін «денесінің ұзындығы» деген термин қолданылады, ал 2 жастан асқан соң «бойы» деген термин қолданылады. Дені сау, айы-күні жетіп туған нәрестенің денесінің ұзындығы туған кезде 46-56 см болады.
- Өсу — үздіксіз үдеріс. Түрлі жаста бұл үдерістің жеделдеуі немесе баяулауы мүмкін. Туғаннан кейін бойы өте тез, бірден өсе бастаған баланың әдетте кейінгі айларда өсуі бірте-бірте баяулай бастайды. Алғашқы 6 айда бала 16 см, кейінгі 6 айда 8 см өседі. 1 жастағы баланың бойы шамамен 75 сантиметрге өседі және 4 жаста туған кездегі денесінің ұзындығынан 2 есеге артық, 100 сантиметрді құрайды. 4 және 10 жас аралығында баланың өсуі салыстырмалы түрде баяу әрі бірқалыпты, бұл кезеңдегі бойдың өсуі жылына 5-7 см болады. Баланың бойы жыныстық жетілу басталған кезде жеделдейді.

# Бас шеңбері.

- Баланың бас шеңберінің өзгерістерін бақылау оның физикалық дамуына дәрігерлік бақылау жасаудың ажыратылмас компоненті болып табылады. Дені сау баланың басының өсуі оның миының өскенін көрсетеді. Туған кезде баланың бас шеңбері орташа алғанда 34-36 см болады. Бас шеңбері алғашқы айда неғұрлым тез (3-5 см) өседі. Бас шеңберінің орташа мәні 3-айда 40,5 см, 6 айда — 43 см, 12 айда — 46 см болады. 6 жастағы баланың бойы ересек адамның бойының 70%-ын құрайтын болса, осы баланың бас шеңбері ересек адамның бас шеңберінің 90%-ын құрайды. Баланың өсуі мен дамуы үздіксіз жүріп отырады. Әу баста баланың басы тез өседі. Алғашқы 6 айдан кейін кеуде шеңбері тез өседі. 9-12 айдан бастап аяқ-қолдары мейлінше тез өсе бастайды.

# Балалардың физикалық және психологиялық-әлеуметтік дамуын өлшеу жиілігі және мерзімдері

Жиілігі	Мерзімдері
бірінші өлшеу	туған кезде
екінші өлшеу	1 ай
1 жасқа дейін	ай сайын
1 жастан 2 жасқа дейін	әрбір 3 ай сайын
2 жастан 3 жасқа дейін	әрбір 6 ай сайын
кейінгі жылдары	жыл сайын

Физикалық дамуы қалыпты болуы және қалыс қалуы мүмкін.

1 жасқа дейінгі балаларды горизонтальды таразыда, 2жастан жоғары вертикальды таразыда жүргізеді.

1-жасқа дейінгі балалардың бойын горизонтальды. 1 жастан үлкен балалардың бойын вертикальды бой өлшегішпен анықтайды.



# 0-ден 1 жасқа дейінгі балаларды өлшеу алгоритмі мен техникасы




1. Әрбір өлшер алдында таразы ретке келтіріліп, балаға бейімделуі керек



2. Алдымен баланың астына төсейтін жаялықты өлшеу керек.

3. Баланы жалаңаштап шешіндіріп өлшеу қажет.



4. 7–8 айдан асқан балаларды отырғызып өлшеуге болады.  
5. Баланың таза салмағын өлшеу үшін баланың салмағынан жаялықтың салмағын алып тастау керек.

6. Дәл өлшеу үшін бала қозғалмай, тыныш қалыпта болуы керек. Бұл үшін баланың назарын әлдебір затқа аудару немесе онымен ойнау қажет.

7. Өлшеген кезде бала таразы алаңының ортасында отыруға тиіс.



1 айында – 600 гр. қосады.

2 айында - 800 гр

3 айында – 750 гр

4 айында – 700 гр

5 айында – 650 гр т.с.с.



*Дене салмағын есептеу формуласы:*

**I - жарты жылдығында:  $m + 800 \times n$**

M – туылғандағы салмағы, n - айы

**II – жарты жылдығында:**


$(800 \times 6) + 400(n - 6)$  n – айы.

6 айлық бала салмақ – 4,800 қосады. 2- 11 жаста  $10,5 + 2n$ , n- жасы.

12- 15 жаста  $n \times 5 - 20$  n – жасы.



# 0-ден 1 жасқа дейінгі балалардың денесінің ұзындығын өлшеу алгоритмі мен техникасы



- 1. Аяқ киімді, ұйықты, бас киімді шешу қажет.
- 2. Нәресте немесе сәби қатты, тегіс жерге арқасымен жатқызылады (жұмсақ жерге жатқызу нақты нәтиже бермейді).
- 3. Басын қатты, белгіленген, тік жерге тірейді.
- 4. Басы, арқасы, жамбасы, аяқтары мен өкшелері өлшеу үстелінің бетіне тиіп жатуы тиіс. Баланың табанын жеңіл ғана тітіркендіру арқылы аяғын тіктейді (Бабинский с.).
- 5. Табандарын тік қалыпқа келтіреді (90.) және шәкілдің аяқ бөлігіне тірейді (қатты, тік, жылжытуға болатын жұқа тақтайша). Бұдан кейін баланың басы мен өкшесінің арасы өлшенеді.

# Жетістіктер торлары – бүлдіршін жастағы балалардың моторлық дамуының негізгі кезенд

Моторлық дамудың негізгі алты сатысының орындалуын бағалау критерийлері

Көрсеткіштер	Бағалау критерийлері
Сүйеніп отыру 3,3-9,2	Бала тік отырады, басын кемінде 10 секунд ұстайды. Бала тепетеңдікті ұстау немесе сүйену үшін қолын пайдаланбайды.
Еңбектеу 5,2-13,5	Бала қолдары мен тізелерін кезек-кезек ауыстырып, еңбектеп алға және артқа қарай қозғалады. Бауыры еденге тимейді. Кемінде қатарынан үш рет ұзақ және жүйелі қимылдайды.
Сүйеніп тұру 4,8-11,8	Бала қозғалмайтын заттан (мысалы, жиһаз) екі қолымен ұстап, бірақ теңселмей аяғына тұрады. Денесі тіреуішке тимейді, бүкіл негізгі салмағы аяғына түседі. Сөйтіп, бала сүйеніп кемінде 10 секунд тұрады.
Сүйеніп жүру 5,9-13,7	Бала арқасын тіктеп тұрады. Қозғалмайтын заттан (мысалы, жиһаз) бір немесе екі қолымен ұстап, алға қарай не жанына бір қадам жасайды. Бір аяғы денесінің салмағын ұстап тұрғанда, екінші аяғын алға басады. Сөйтіп, бала кемінде бес қадам жасайды.
Өз бетімен тұру 9,9-16,9	Бала арқасын тіктеп екі аяғын басып (бірақ аяғының ұшымен емес) тұрады. Аяқтары салмағын 100% ұстап тұрады. Бала басқа адамға немесе затқа сүйенбейді. Өз бетімен кемінде 10 секунд тұрады.
Өз бетімен жүру 8,2-17,6	Бала арқасын тіктеп, өз бетімен кемінде бес қадам жасай алады. Бір аяғы салмағының басым бөлігін ұстап тұрғанда, екінші аяғын алға басады. Бала басқа адамға немесе затқа сүйенбейді.

# «Баланы бүлдіршін жастан дамыт» картасы

0-ден 3 ай



Етпетінен жатып, басын көтереді  
Етпетінен жатып, қолын, одан соң  
шынтағын тірейді  
Алдындағы және айналасындағы  
заттарға көзін тоқтатып қарайды



Уілдейді (а-а-а, м-м-м)  
Күледі  
Аяғын нық тірейді, басын жақсы  
ұстайды

## 3-6 ай



Етпетінен жатып, алақанын тіреді және кеудесінің жоғарғы бөлігін көтереді

Етпетінен жатып, арқасына аунайды  
Біреудің сүйеуімен отырады



Еңбектеуге талпынады

Ойыншықты қолында жақсы ұстайды  
Түрлі дыбыстарға елеңдеп, басын бұрады

Ұзақ уілдеп, күледі

Сөйлеуге әрекеттенеді

Ата-анасы мен отбасындағы жақын адамдарды таниды, бөтен адамдардан ажырата алады

## 6 айдан 12-айға дейінгі балалардың даму картасы



Бала ешкімнің демеуінсіз тік отыра алады  
Бала өзінің қолдарын тіреп, кеудесін көтереді  
Бала ішімен жылжып, жақсы қозғалады  
Бала аяқ-қолдарын тіреп, төрттағандап тұра алады  
Бала еңбектейді



Бала сылдырмақ ойыншықты сілкілейді  
Бала заттарға қолын созып, ұмтылып, оларды аузына апарады  
Егер біреу ойыншықты алғысы келсе, бала ойыншыққа жармасады



Бала өзінің атын біледі  
Бала ересек адамның сұрағанын қимылмен, ыммен көрсетеді  
«Иә, болады» және «жоқ, болмайды» дегеннің айырмашылығын түсінеді және біледі



Бала былдырлап, мағынасы жоқ дыбыстарды (ба-ба, ма-ма) қайталайды  
Дыбыстарды түсініп, нақты заттарға/адамдарға қатысты қолданады



Бала анасының дауысын таниды  
Бала 20-40 см жердегі ұсақ заттарға көңіл аударды



Өзіне таныс адамдарды көргенде бала өзін бақытты сезінеді  
Басқа балалардың ортасында болғанда қуанады



Қасықпен тамақ іше алады  
Қасықпен ботқа жейді  
Бір тілім нанды немесе печеньені қолымен ұстап, жейді





- *Баланың ұйықтау уақытын есептеу:*
- 1 жасқа дейін  $22 - \frac{1}{2} m$  ,  $m$  – айы
- 1 жастан жоғары  $16 - \frac{1}{2} n$  ,  $n$ - жасы.

- *Есту қабілеті.* Туа сала нәресте тек қатты дыбыстарды естиді, 2 жұмадан бастап өз анасының дауысын ажырата бастайды, ал 6 айдан бастап дауыстың екпінін ажыратады: зекіп ұрысқанға жылайды, жылы сөзге күледі.
- *Дәм айыру қабілеті* туғаннан бастап жақсы дамыған (қант қосқан суды жақсы ішеді).
- *Дене сезімі* өте жақсы дамыған шымшу, түрту, жоғары температура тағы басқа факторларға тыжырынып, қозғалып, жылап жауап қайтарады. Баланың орталық нерв жүйесі тез қозғыш және тез тозғыш. Жаңа ортаға, жаңа жүздерге бала әсершіл болады, бірақ, біраздан кейін бала шаршап мазасызданып кетеді. Баланың бірқалыпты жайбарақат нерв жүйесінің қалыптасуы үшін сабырлы орта керек.



# Қорытынды

- Баланың физикалық дамуы оның жасына байланысты бойының және салмағының өсуі. Физикалық дамуы қалыпты және қалыс қалуы мүмкін. Бала денсаулығын қалыптастырудың негізі- отбасылық тәрбие. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Баланың физикалық денсаулығымен қоса, дұрыс тамақтану және санитарно-гигиеналық дағдыларды ұстану, отбасындағы психологиялық қарам-қатынас өте маңызды. Сондықтан отбасылық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің негізі.

## • Пайдаланылған әдебиеттер

- 1. Б.Х.Хабижанов,С.Х.Хамзин<Педиатрия> Алматы 2005 ж.
- 2. Н.П.Шабалова<Педиатрия>Санкт-Петербург 2003 ж.
- 3. [www.enbek.gov.kz](http://www.enbek.gov.kz).
- 4. [anamenbala.kz](http://anamenbala.kz).



HARMONY

